

3-МОДУЛЬ. ЕРТЕ ТЕМІР ДӘУІРІНДЕГІ ТАЙПАЛЫҚ ОДАҚТАР ЖӘНЕ ЕРТЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰРЫЛЫМДАР

1. 9 тақырып. Сақтар (скифтер), массагеттер, дактар (даилар), исседондар, аримаспылар.

2. Лекцияның мақсаты мен міндеттері: Қазақ халқының құрылуына негіз болған сақтардың, саврамматтар-сарматтар тарихын қарастыру.

3. Лекция мазмұны. Біз сақтар жайлы алғашқы деректерді I Дарийдің «Бехистун» жазбасы, Ксеркс дәптері, Авестаның «Ясна» кітабына енген Заратуштраның уағыз өлең жолдарынан кездестіреміз. Авеста мәтініндегі Иран эпосында Қазақстан және Орта Азиялық көшпенді тайпалар жаппай «турлар» атанса, көне парсы сына жазуы мәтіндерінде аталмыш халық «сақ» деген жалпылай атаумен аталған бұл атау гректер арасында «скиф», қытай жазбаларында «сэ» аталымымен тарады. Сақ тайпаларының тарихын зерттеу бастауында белгілі ғалымдар А.Н. Бернштам, В.В. Григорьев, А.А. Фрейман және қазақ ғалымдары Ә. Марғұлан, А.М. Оразбаев, Қ.А. Ақышев, антропологтар Г.Ф. Дебец, В.В. Гинзбург, О.С Смағұловтар тұрды. Аталған ғалымдар өздері бастап жүргізген археологиялық, антропологиялық зерттеулердің қорытындысына сүйене отырып, сақ тақырыбына жаңаша қырынан баруға мүмкіндік алды. Әуелі сақтардың тарихи орналасу географиясына ерекше мән беруге тура келді. Ол үшін Страбон географиясы маңызды рөл атқарады. Ежелгі грек жазбаларында сақтардың екі түрлі бірлестігінің аты аталады – бұрынғы Танаис (Сырдарияның шығыс алқабын мекен еткен сақтар) және массагеттер (Аралдың оңтүстігіндегі тайпалар). Сонымен қатар, ежелгі дәуірде грек авторлары сақтардың үш тобын: исседондар, аргиппейлер және аримаспыларды жеке-жеке атап көрсетеді. Геродот аргиппейлерді «биік таулардың етегіне» (бәлкім Оралдың оңтүстік шығысы болар) орналасқан, ал исседондарды тау бөктерінің шығысында тұрды деп жазды. «Исседондардың өздерінің айтуы бойынша, олардан да жоғарырақ әйгілі аримаспылар мен «алтын қорыған самұрықтар» тайпалары тұрған. Проконесс Аристейдің (б.з.д. VI ғ.) болжамына жүгінсек, исседондар Арал теңізінің солтүстік бойында массагеттердің солтүстігінде орналасқан екен. Птолемей (б.з.д. II ғ.) исседондардың бір қанаты Тәңір тау (Тянь-шянь), Шығыс Түркістанға жете мекендеді деп хабарлайды. Сақтардың тарихын зерттеген қазақ ғалымы К.А. Ақышев грек ғалымдарының пікірлерін орынды деп есептейді. Сөйтіп, б.з.б. VII ғасырдан б.з.б. I ғасырына дейінгі уақытта Қара теңізден Сары Дария, Үндістан түбегі, не оңтүстік Сібірден Памир тау жоталарына дейінгі алып

сахараны парсылар «сақ» атандырған ұлы көшпенділер мекен етіп келгені белгілі болды. Страбон бұл қауымды «Сақ конфедерациясы» деп атады. Сақ атанған қауым антропологиялық типі, этнографиялық салтдәстүрі, тілі мен мәдениеті жағынан ала-құла болды. Сондықтан оларды тек бір ғана «үнді-европалықтар» немесе тек «көшпенді түріктер» деп айту мүмкін емес. Сақтардың антропологиялық пішіміне тоқталар болсақ, О. Смағұлов өзінің және Г.Ф. Дебец, В.В. Гинзбург қатарлы антропологтардың күрделі зерттеулеріне сүйене отырып: «сақтардың бет бітімінде қола дәуірінде Қазақстанда кең тараған қазақстандық жергілікті андрондық пішін басым болғандығын» анықтап, «сақ дәуіріндегі Қазақстан тұрғындары еуропалық пішіндегі жергілікті халықтардың тікелей ұрпағы» деп таниды. Сақтардың этноқұрамы әрқилы болғаны сияқты, оларды антропологиялық бір түрге жатқызу мүмкін емес. Геродот сақтардың аргиппейліктерден өзге барлық бөлімдері антропологиялық типі жағынан еуропалықтар болғанымен, олардың «ат жақты, талпақ танаулы» пішіні монголоидтыққа әлдеқайда жақын болып келеді.

Парсы патшасы Дараявауштың Парсаға (гр. Persepolis) жақын Накширустамдағы тас жазуларында сақаларды үш топқа бөліп көрсеткен: парадарая (теңіздің арғы бетіндегі сақалар) — еуропалық сақалар-скифтер немесе Арал теңізі, Сырдарияның арғы жағындағылар; хаомаварга (хаома сусынын жасайтын сақалар) — Ферғана алқабын мекендеушілер; тиграхауда (шошак бөрікті сақалар) — Сырдарияның орта ағынын және Жетісуды мекендеушілер.

Парсыларға тұтқынға ұсталған сақалардың Скунха деген көсемі, Бехистун, Иран Парсылардың патшасы Құрыш II, Лүдия патшасы Кройсопен б.з.б. 558 - 29 жж. соғысқанда, сақалармен одақтасқан. Кейін Құрыш сақаларды, соның ішінднгі массагеттерді өзіне бағындаруды ұйғарды. Құрыш сөйтіп, Сақа жеріне басып кірді. Алайда парсылар сақаларды жеңдік деген кезде, сақа жауынгерлері тұтқиылдан бас салады. Құрыш та, әскерлері де өлтіріледі. Тұмар туралы аңыз осы кезде шықты. Бұл аңыз расқа тән — Құрыш ұлы Қамбуджия — массагеттерге өкілдерін жіберіп әкесі мәйітін кері алған.

Сына жазуы мәтіндерінің кейбір этнонимдері грек деректемелеріндегі тайпалар аттарымен иланымды ұқсастырылады. Мәселен, Геродоттың өз айтуы бойынша Ахеменид державасының оныншы әкімшілік округіне кірген (Геродот, III, 92) ортокарибантийлері тиграхауда-сақтарға, амюргийлік сақтар — хаумаварга-сақтарға (Геродот, VIII, 64), ал дайлар — Авестаның және Ксеркс жазбасына сәйкес келеді.

Басқа да грек авторларының көпшілігі сияқты, Геродот та кейде «азиялық скифтер» деген терминді қоса отырып, сактарды скифтер деп атайды. Бұл атау грек тарихшыларына жақсы таныс Солтүстік Қара теңіз еңірі мен Алдыңғы Азияның көшпелі скиф тайпаларына қарап айтылды. Бірақ грек деректемқлерінде ахеменидтік сыша жазуларында кездеспейтін басқа атаулар да бар, олар: массагеттер, савроматтар (кейінгі кезде сарматтар), аргиппейлер, аримаспылар, ассилер, пасиандар, сакараулдар (сакарауктар) және басқалары.

Парсы және антик деректемелеріндегі тайпаларды Қазақстан мен Орта Азияның осы заманғы картасына орналастыру туралы мәселе әлі түпкілікті шешілген жоқ. Теңіздің арғы жағындағы сақтарды оқшаулап бөлуде таяу уақытқа дейін екі көзқарас болып келді. Бірінші көзқарас (В.В. Струве) тұрғысынан, парадрайа-сақтарды Арал теңізінен шығысқа таман және Әмудария мен Сырдария өзендерінің төменгі бойларына орналастыру керек еді. Мәселені бұлайша қоюға I Дарийдің сақтарға қарсы жорығының жүрген жолы туралы әңгімелейтін Бехистун жазбасының бесінші бағананың екінші жартысын қайта құруды ұсыну негіз болды. Бехистуннан алынған мәтінінің қалпына келтірілген бөлігін, ал одан кейін Накши-Рустем және Персеполь жазуларын антик деректемелерінің мәліметтерімен салыстыру негізінде — парадрайа-сақтардың және «Соғдының ар жағындағы» сақтардың массагетгерге, дайларға, каспилерге сәйкестігі туралы болжам жасалды.

В.В. Григорьев басқаша көзқарасын айтады, оған карағанда парадрайа-сақтар деп Оңтүстік Ресей және онымен шектес аймақтар аумағын мекендеген еуропалық скифтерді түсіну кажет болады. Бехистун жазбасын жаңадан зерттеу және аудару Бехистун жазбасының V бағанасын басқаша карап, басқаша түсіндіруге әкеп соқты. Қазіргі уақытта парадарайа-сақтарды Қара теңіздің солтүстік төңірегіне орналасты деу дұрысырақ деп саналады.

Орта Азия мен Қазақстан сақтарының басқа екі тобы (хаумаварга мен тиграхауда) Таяу Шығыстың халықтарына көбірек мәлім болған. Кир мен Дарий жорықтар жасаған тиграхауда-сақтар Ахеменид бедерлері мен мөрлерінде бірнеше рет бейнеленген. Олардың Скунха деп аталатын көсемінің тұлғасы басқа да бағындырылған халықтардың патшаларымен бірге Дарийдің бұйрығы бойынша Ирандағы Бехистун деген жердегі жартасқа қашап салынған. Ежелгі Шығыстың ең көне және аса маңызды саяси құжаттарының бірі деп әбден орынды саналатын Бехистун жазбасының сақ көсемін тұтқынға алумен байланысты оқиғаларға арналған V бағанасының 20 - 30-жолында былай делінген: «Дарий патша былай дейді: содан кейін мен әскеріммен Сақтарға

аттандым. Шошақ бөрік киетін сақтар шайқасқа шықты. Мен теңізге жеттім де, бүкіл әскеріммен арғы бетке өттім. Сөйтіп мен сақтардың бір бөлігін ойсырата талқандадым да, екінші бөлігін тұтқынға алдым... Скунха деген көсемін қолға түсіріп, маған әкелді. Сол жерде мен өз дегеніммен екінші біреуін (олардың) көсемі қылып тағайындадым. Бұдан кейін ел маған қарады». Бұл мәтін шошақ бөрік киетін тиграхауда-сақтар туралы ақпарат беретін, сақталып қалған бірден-бір жазбаша құжат болып табылады. Онда тиграхауда-сақтар жері басталатын бір судың бар екендігі де айтылады.

Сақтар мен массагеттер еліне Ахеменид патшалары Дарий мен одан бұрынғы II Кирдің жорықтары тарихи анықталған фактілер қатарына жатады. Осы оқиғалар туралы егжей-тегжейлі әңгімелейтін Геродот массагеттер жерін Каспий теңізінен шығысқа таман, «Аракс өзенінің арғы жағындағы күннің шығу бағыты бойынша орналастырады (Геродот, I, 201, 204). II Кир мен Дарий жорықтарының жолдары талас туғызады. Біреулер Дарий өзінің ізашарының жүрген жолын қайталай отырып, сақтармен Әмударияның арғы жағында Арал теңізі маңында кездесті деп санайды, екінші біреулер II Кир массагеттермен Үзбой өзені арғы жағында (Әмударияның бүгінде тартылып қалған батыс саласы) шайқасты, ал Дарий сақтар жеріне Әмударияның орта тұсынан өтті деп санайды. Бір нәрсе айқын: пікірлердің қайшылықтарына қарамастан, екі жорықта массагет-сақтар тайпаларына қарсы бағытталған; бұлардың жері Геродоттың ортокарибантийлерінің немесе Бехистун жазбасындағы тиграхауда-сақтардың жерімен толық немесе ішінара сәйкес келеді деп топшылау керек. Географиялық жағынан алғанда, бұл — Каспийдің шығыс төңірегі мен Үзбайдан Сырдария өзеніне дейін қоса алғандағы Арал өңірінің аймағы. Массагет одағы, сірә, дербиктер, абийлер, апасиактар сияқты тайпаларды да біріктірсе керек.

Сондай-ақ тиграхауда-сақтар Шашты, Тянь-Шаньді және Жетісуды мекендеген деген пікір де бар. Страбонның айтуы бойынша, массагеттерден солтүстікке таман, «Меотидадан жоғары» (Страбон, XI, 9,2) жерлерде дай тайпалары қоныстанған. Сырдарияның арғы жағындағы олар Александр Македонскийдің замандастарына да мәлім болды. Антик авторлар оларды, бұрынырақ Геродоттың жазғанындай, массагеттердің иелігіндегі жерлерде орналастырады. «Дах» атауы неғұрлым ертеректегі деректемелер - «Авеста» мен Ксеркстің «дэвтер» туралы жазбасында да мәлім. Мұның бәрі дахтардың (дайлардың) әуелде массагеттердің солтүстігіне таман аймақты мекендегенін, не массагеттердің бірлестігіне кіргенін көрсетеді. Б.з.б. III ғасырдың орта шенінде дайлар тарих ересінде массагеттердің орнын алып, Каспий маңының оңтүстік-

шығысынан, Парфия шекарасынан келіп шығады. Осы уақыттан бері «көптеген скифтер, Каспий теңізінен бастап, дайлар деп аталады» (Страбон, XI, 8,2).

Парсы сына жазуларының хаумаварга-сақтары ең ірі тайпа немесе тайпалар тобы болды, олар грек деректемелерінде амюргий-сақтар деп аталады. Көптеген зерттеушілер амюргий-сақтарды ежелгі Бактрия және Маргиана аймақтарына (Әмудария мен Мұрғаб езендерінің жағалауы) орналастырады. Бұлар ертедегі парсылар танысқан алғашқы сак тайпалары еді. Геродот былай деп жазды: «Бұл — амюргийлік сақтар деп аталған тайпа (ол шын мәнінде, скифтік тайпа). Өйткені парсылар скифтердің бәрін сақтар деп атайды.

Сақтар көп тілде сөйлейтін халық болған. «Скифтер аргиппейліктерге келіп, жеті тілде сөйлейтін жеті тілмаштың көмегімен келісім жасады» – деп жазады Геродот. «Сақ» аталған көшпенділердің тегін тілі мен нәсілдік түрінен іздегеннен гөрі аталмыш қауымның географиялық орналасуы, этнографиясы мен салт-санасына жүгіну әлдеқайда тиімді сияқты. Ежелгі тарихи жазбаларда (парсы) сақтар географиялық орналасуы және тіршілік салтына орай теңіздің арғы жағындағы сақтар, хаома сусынын дайындайтын сақтар, шошақ бөрікті сақтар және Соғдының сырт бойындағы сақтар деп бірнеше топқа бөледі. Геродот және басқа грек тарихшылары сақтарды географиялық орналасуы тұрғысынан әрдайым «батыс» және «шығыс», тұрмыс, тіршілік салты тұрғысынан диқаншылар немесе жартылай отырықшылар және көшпенділер деп екі жікке бөліп, әрқайсысының өзіндік ерекшеліктеріне мән бере қараған. Геродоттың пайымдауынша, «сақтың көшпенді бөлімдері Азияны мекен еткен. Ежелгі грек жазбаларында осылайша сак конфедерациясының құрамдас он бөлімінің аты аталады. Олар: массагеттер, аксарттар, даи немесе дахилар, фарат, кумар, асқатаг, исседон, асси немесе аримаспы, сарматтар және каспийліктер. Аталған әрбір бөлім өз ішінен кіші топтарға бөлінеді. Тарихи географияға үңілсек, сак топтарының ішінен тек аргиппейлер, савроматтар және хаомоварганың кейбір бөлімдерін алмағанда, сақтардың басқа барлық топтарының жортқан жолы мен басқан ізі қазіргі Қазақстан аумағында, Алтайда, Орталық және Батыс Монғолияда жатыр. Геродоттың хабарлауынша, олардың тұрған жерінде сегіз ай бойы қарлы боран борап тұратындықтан, қысы қатты болған. Егер Еуразия кеңістігі табиғатының бүгінгі құбылыстармен салыстырар болсақ, геродот келтірген табиғаттың мінезі қазіргі Батыс, Солтүстік, Орталық, Шығыс Қазақстан, Алтай өңірі, орталық және батыс Монғолияның табиғатымен сайкес келеді. Сак тарихы төңірегінде қалам тартқан грек авторлары исседон тобын б.з.б. II ғасырында Орталық Қазақстанда, Андронов мәдениеті дәуірінде өмір

сүрген тайпалардың тікелей ұрпағы деп есептейді. Геродот аргиппейліктерді монголоидтік түрге жатқызып, исседондармен қанаттас «биік тау қойнауларын мекендеген» (бұл Алтай және Тәңір Тау) дегеніне қарағанда, аргиппейлерді тиграхауда одағы құрамынан іздеген жөн сияқты. Егер исседондар мен аргиппейлер Алтай, Тянь-Шань қойнауы, Жетісу, Іле бойын мекен етсе, үйсін, юэчжи түркі тобынан бөліп-жарып қарауға мүмкін емес. Птолемей үйсіндерді ертедегі исседондар деп таниды. Птолемейдің бұл болжамын кейін А.Н. Бернштам растай түсті. Ол: «Сақтар андронов дәуірінде Оңтүстік Сібір этникалық топтарының ықпалында қалыптасқан Жетісу және Тянь-Шаньді мекендеген жергіліктілердің тікелей ұрпағы» деп есептейді. Ол сақ-үйсін мәдениетін «тарихи-мәдени бір үрдістің екі кезеңі» деп таниды. А.Н. Бернштамның болжамын соңғы жылдары Қазақстан территориясында жүргізілген археологиялық зерттеулердің қорытындылары айқындай түсті. Сақ – үйсіндер сияқты, юэчжи қауымын да сақтардан бөле қарау мүмкін емес сияқты. Француз ғалымдары Клапрот және Абель-Ремюлазар қытай деректеріне сүйене отырып, сақ және юэчжилер бір тектес халық екеніне тоқталады. Алғашында соншалықты қолдау таба қоймаған бұл пікір соңғы жылдары тек қытай және батыс еуропалық қана емес, орыс-славян және қазақ тарихшыларының да қолдауына ие бола бастады. С. Кляшторный скифтердің шығыс бөлімдері (сақ) үйсіндермен туыстас юэчжилер деп таныса, С.П. Толстов шығыстағы массагеттерді «ұлы юэчжилер» деп есептейді. Ал Н.Я. Бичурин юэчжилер қаңлылармен бір халық деп жазады. Тарихшы А. Амардың пайымдауынша, қытайдың Хуанхэ (Сарыдария) өзенінің батысындағы жерді Хэси жері, ал елін сихэ (сақтар) деп атайды. Н. Аристов біздің заманымыздың II-III ғғ. аралығында шүршіттердің қысымымен өз жұртынан ығыстырылған се (сақ) қауымын түркі сақтары деп аталған.

Сақтар ұлттық құрамы жағынан көп этностік, саяси құрылымы жағынан конфедеральдық қауым болды. Олардың батыс тобы тіл мәдениеті жағынан үнді-еуропалықтарға, шығыс бөлімі түріктерге жақын болды. Сақ аталған көшпенділер иран-үнділік, арий-еуропалық және түріктік үш түрлі этномәдени элементтерін бойына сіңірген полиэтникалық, конфедеральдық әскери одақ болды. Жоғарыда аталғандардың шындығын әр өңірде жүргізілген археологиялық және палеонтологиялық зерттеулердің қорытындылары айқындай түсуде. Алтай, Іле, Шығыс Қазақстан өлкесінен табылған ескерткіштер, көбінесе, түріктік этномәдениеті; Түркістан, Сыр бойы

мәдениеттері арий-еуропалық нұсқаны, Памир, Ауғаныстан, Тәжікстан өңірінен табылған мәдени ескерткіштер үнді-ирандық сипатты көрсетеді.

Сақ бірлестігінің құрылымы. Сақтар әртүрлі этнотоптардан құрылатын конфедеральдық саяси бірлестік болды. Көне жазбаларға қарағанда сақ бірлестігін хан басқарды. Әрбір тайпа бірлестіктерінің өз ханы болды. Хан мұрагерлік жолмен сайланды. Егер хан өлсе, оның ұлы, ал ұлы бомаған немесе кәмелетке толмаған жағдайда, ханның ең сенімді әйелдерінің бірі ел басқаратын болған. Хан елбасы, ел мен жердің иесі, бас қолбасшы болғаны байқалады. Ханның жанында ірі-ірі тайпа басшылары және әйгілі батыр қолбасшылардан тұратын хан кеңесі жұмыс істеген. Жорыққа аттану, хан сайлау сияқты аса ірі мәселелер хан кеңесінде шешілетін болған. Сақтарда жазылған ресми заң ережесі болмаған. Рулық және руаралық қалыптасқан ішкі тәртіп заң ретінде танылған. Жауға берілу немесе жау алдында дәрменсіздік таныту зор қылмыс саналып, ру тайпасына, ханына, қолбасшысына адал болу әрбір азаматтың басты міндеті болған. Олар еркек, әйел демей елі-жерін қоғауға міндетті болған. Ел ордасы үнемі көшіп-қонып отырған. Бірлестіктің бас ханы немесе ұлы хан қайсы тайпадан шықса, сол тайпаның хан ордасы бас орда саналған. «Геррон дарисының арғы жағынан ханның иелік жері басталады, онда скифтердің ең қаһарман, ең бір саны көп тайпасы тұрады, олар скифтердің басқа топтарын өздеріне бағынышты деп санайды», – деп жазады Геродот. Сақтардың адам саны туралы дерек жоқ. Сақтардың қоғамдық құрылымы мемлекет басқарудың институттық жүйелері айқындала қоймаған. Мемлекеттік институттар жайлы нақты деректер кездеспейді. Тек Арриан ханның тапсырмасымен жекелеген аймақтарды немесе билігіндегі тайпаларды басқару үшін жіберген сатраптар туралы жазылған. Жергілікті биліктің екінші сатысы ретінде әскери-тайпалық аристократтарды атайды. Грек авторларының талдамдарына қарағанда, сақ қоғамы тап, тарап жүзінде айқын жіктеле қоймаған сияқты. Ежелгі грек авторларының еңбектерінде көрініп қалатын «атты» мен «жаяулар», рутайпабасылары және қауымдастар, бақсы-балгерлер дегеннен басқа қоғамдық тараптық айырмашылық салты байқалмайды.

Көршіліс елдермен қарым-қатынасы. Көрші халықтармен бейбіт қатынаста болуға ұмтылған. Көрші елдерден елші, жаушылығын қабылдап, оларға өз елшілерін үзбей аттандырып отырғаны байқалады. Іле, Жетісу, Сібір және Алтай сақтары - ди, шивей Сібір халықтармен және қытайлар мен савроматтар Қара теңіздің арғы жағындағы скиф, славян топтарымен, Сыр бойындағы сақтар Хорезм, Бактрия және парсылармен тығыз қарымқатынаста

болды. Сақтар ахеменидтерге басыбайлы жұрт емес, олар одақтасы болған көрінеді. II Кир қаһарлы көршілерінің мысын басып алу үшін әуелі жауынгер сақтармен әскери одақ құрады. 553 жылы Кир патшасының мидийліктерге қарсы жорығына сақтар бірге аттанады. Осы кезде Протефисянның ұлы Мадиес бастаған сақтар Кирге болысып, мидийліктерді шабады. Сақтар онымен де тоқтамайды. Олар киммерліктерді Еуропадан қуып шығып, олардын ізімен Кавказды кеуделеп, Мидия жеріне бойлай кіріп, өзіне бағындырады. Геродоттың хабарлауынша, сақтар мұнда 28 жыл билік құрған. II Кир 547 жылы Лидия патшалығын бағындырған соң, Вавилонды басып, шығысқа бет бұрады. Ол осы жорығында «Каспий теңізінен күн шығыстағы көз жеткізген ұлан-ғайыр даланы» мекен еткен «саны көп және аса қажырлы» массагеттердің жойқын қарсылығына тап болады. Кешегі одақтастардың бүгін жау болып шыға келуінің негізгі себептерін Геродот «Кир патшаның жеңістерден басы айналғандығынан» деп пайымдайды. Массагеттер мен парсылар арасындағы Кир және Томирис басшылық еткен артық шайқас 530 жылы шілдеде Амударияның бір саласы Узбой бойында болған. Геродот бұл туралы: «Бұл жолғы шайқас дала тағылараның арасында бұрын-соңды болып көрмеген қырғын болыпты. Парсы қолы түгелдей дерлік соғыс алаңында өлген. II Кирдің тағдыры да осында шешілген». Кирден соңғы уақытта парсы патшалығында хан тағы үшін жүргізілген толассыз қақтығыстардың нәтижесінде 522 жылы Гиспастың ұлы Дарий патша болды. I Дарий үлкен дайындықтан кейін 519 жылы сақтарға қарсы жорыққа аттанды. Аталмыш жорық туралы «Бехистун жазуы» I Дарий шошақ қалпақты сақтармен айқасқанын көрсетеді. Бұл бөлімге сақтардың тиграхауда, хаомаварга, парадарайя топтары жатады. Ежелгі грек жазбаларында аталмыш топтар Сырдарияның батыс жағалауына, Жетісудан Соғдының солтүстік шығысына дейінгі даланы мекен еткен деп көрсеткен. I Дарий бұл жолы сақтарды 600 кемеңнің қолдауымен 700000 қарулы қолмен шапқан. Әрине, бұл бытыраңқы көшпелі сақтар үшін үлкен қауіп төндіргені белгілі. Күшіне сенген Дарий өзін: «Парсының және күллі

Азияның Патшасы ешкімге бет қаратып көрмеген аса қаһарлы Гистаспұлы I Дариймен келе жатырмын, алдымыздан кездескен жұрт бас иіп қарсы алсын!» – деп жар салған. Осынау абырой-атағының арқасында жолай кезіккен көптеген кіші тайпаларды өзіне бағындырады. Бірақ сақтың көшпенді бөлімдері бұл жолы да парсыларға қарсы тұрады. Сақтардың қаруланған алғашқы топтары Истра өзенінен үш күндік жерден парсыларға қарсы кездеседі. Сақтар өздерінің көз жеткізгісіз кең даласында шегіне жүріп ұрыс салған. Бұрын-соңды мұндай ұрыс

көрмеген Дарий көшпенді сақтардың ханы Иданфирске жаушы аттандырып, соғыссыз берілуін талап етеді. Сондағы Иданфирстің I Дарийге берген жауабы ежелгі дала халқының ұрыс тактикасының сыр-сипатын толық ашып береді. Онда: «Бұл көріп отырғаныңыз Сіз үшін шегініс болуы мүмкін, ал біздер, көшпенділер үшін үйреншікті құбылыс, – дейді ол. – Бізде жан алысып, жан берісіп қорғанатын қала, қамал, егіс алқабымыз жоқ, сонда мен сені не үшін күтіп отырмақпын. Шын мықты болсаң, біздің ата бейітімізді басып алып көр. Жан алысып, жан беріскеннің не екенін сонда көрер едің!» – деген екен. Сақтар Сырдария, Жетісу жиегіне дейін шегіне жүріп ұрыс салған. Шегінген жұртында тек мал баққан қарабайыр қауымын қалдырып отырған. Ал парсылар оларды өзінің әскери жеңісі тұрғысынан қабылдаған. Бірақ шын мәнінде, парсылар сақтарды түгелдей дерлік жаулап ала алмаған. Тек Сырдарияның арғы жағы және Каспий жағалауын мекен еткен сақтардың кейбір бөлімдерін уақытша бағындырады. Аталған бөлімдер ахемендіктердің XV сатрапиясының (салық аймағы) құрамына кіріп салық төлеп, ахемендер әулетінің әскери сапында қызмет атқарған. Олардың кайсыбірі парсы патшасының «он мыңдық құрыш қолы» немесе «өлмейтін он мыңдық» деп аталатын жеке гвардиясында қызмет атқарғаны жайлы мәлімет бар. Көшпенді сақтардың қоян бұлтағынан әбден қалжыраған I Дарий патша ақыры сақ даласында әскери қолының бірер бөлімдерін қалдырып, өз басы әдейі салдырған аспалы көпірін бұзып, кері шегінуге мәжбүр болған. I Дарий патшаның мұндай қадамға баруына әлдеқашан басталып кеткен грек-парсы соғысы елеулі әсер еткенін айта кеткен жөн. Сақтар басында грек-парсы соғысына парсылардың одақтастары ретінде қатысты. Бірақ б.з.б. IV ғасырдың 30-40 жылдарында Александр Македонский басқарған грек армиясы III Дарий Кодоманның армиясын талқандап, Орта Азияға баса көктеп кіруі Сырдария бойындағы халықтардың гректерге қарсы майдан ауқымын кеңейте түсті. Сөйтіп, Сыр бойының негізгі халқы массагеттер гректердің азулы қарсыласына айналды. Ксеркстің персеполь жазуында және басқа да кейбір тарихи деректемелерде III Кодоманның гректерге қарсы күресіне одақтас болған Сырдария сақтарын дақтар деп атаған. Осы және басқа да деректерге сүйене отырып, біз массагет және дақтар сақтың жеке-жеке топтары емес, тарихтың әрбір кезеңдеріндегі түрлі аталымдары деп қараймыз. Массагеттер Каспий, Сырдария бойындағы сақтардың жалпылама көне атауы болса, олар б.з.б. IV - III ғасырларда дақ атанған. Ксеркс және Арриан жазбаларына жүгінер болсақ, Александр Македонский басқарған гректермен соғысқан кезеңде қазіргі Қазақстанның оңтүстік аймақтарын мекендеген сақтар «дақтар» деп аталған.

Массагет-дақ сақтары гректермен болған кескілескен күресте күтпеген ерлік танытты. Александр Македонскийдің өзі Сырдариядан өту әрекеті кезінде сақ жебесінен жараланды. Сөйтіп, Сырдарияның сырт бойын мекендеген сақтар қажырлы қарсылық көрсетуінің нәтижесінде гректерді шегінуге мәжбүр етеді. Жауынгер сақтар өздерінің тәуелсіздігін осылайша сақтап қалды.

Шаруашылығы мен тұрмыс салты. Сақ даласының осынау табиғатына байланысты ежелгі тұрғындарының шаруашылығы мен тұрмыс-тіршілігін үш белдеуге бөліп қарауға болады. 1. Қара теңіз, Азов, Днестр бойын мекен еткен бөлімдері тұрақты тұрғын үйлерде тұрып, егіншілік, отбасылық өндіріс және қолөнермен айналысқан. Симферополь маңындағы скиф сақтарының «Алтын қорған» атанған хан сарайларының жұртында жүргізілген археологиялық зерттеулердің қорытындысы жоғарыдағыны айғақтайды. Мұндай белгілер Каспий, Үстірт өлкесінде де кездеседі. Сақтардың сауда керуендері осы аталған өлкеден бастап шығысқа жол тартқан. 2. Днепр, Дон дариясынан Каспийге, оңтүстік Сібірге дейінгі бөлімдері жартылай көшпенділік жағдайда өмір сүрген. Егіншілік, малшылық, аңшылық, балық аулау кәсібімен айналысқан. Бұл өлкеде сақтардың жемісжидек теріп жеп күнелткен топтары да болған. Геродоттың айтуынша, Еділден шығысқа қарай шөбі шүйгін көз жеткісіз сары дала басталады. Плиний өзінің «Табиғат тарихында» бұл өлкені «скиф құмайты» деп атаған. Нағыз көшпенді сақтардың тіршілігі осы өлкеден басталады. «Сақтың көшпенді тайпалары Азияны мекендейтін», – деп жазады Геродот. 3. Көшпенді сақтар жер-суының жағдайына қарай мал-жайының қамымен жылдың төрт мезгілінде дамылсыз көшіп-қонып өмір сүрді. Басқалқалары (үйлері) әрдайым арбада тиеулі тұрды. Үйлері тері-терсек және киізбен жабылатын болған. Бірақ сақ көштері бір аумақтан екінші бір аумаққа емес, бір өзенді жағалап, бір қойнауды сағалап көшіп-қонып отырған. Жерсуды ру-тайпасымен иеленген әр тайпаның өзіндік иелік жерлері, қыс-қыстау, жаз-жайлауы болған, ата бейітін жаудан өздері қорғаған. Сақтардың рулық тұрмыс-салты әрбір топтардың өз этномәдени салты, этнопортретін ғасырлар бойы сақтап қалуға мүмкіндік берді. Қазақ даласында өзен-суды жағалай, тау бөктерін сағалай орналасқан сақ обалары соның дәлелі бола алады. Көшпенді сақтар дәстүрлі мал шаруашылығымен айналысқан. Малының негізгі түлігі қой, жылқы, түйе болыпты. Жылқысы қабырғалы, жоталы, шоқтығы биік, тұяғы тік, тартымды болған. Жылқысы мінсе көлік, жесе ет, сауса сусын болған. Жылқы сүтінен «хаома» атты сусын (қымыз) жасаған. Жылқыны мал перісі санап, «үкілеп» баптаған. Жылқының бас сүйегін жерге тастамай, биіктерге қоятын болған.

Маңдайға басқан жақсы күлігін иесімен бірге жерлеген. Жылқы, түйе, өгізді арбаға жеккен. Мал шаруашылығының негізгі тірегі және сан жағынан ең көбі қой түлігі болған. Бесшатыр және басқадай обалардан табылған бұйымдарға қарағанда, сақтар қой жүнінен киіз басып, шекпен тоқып, жіп иіріп, арқан тартқанын көре аламыз. Кейбір талдырмаш киіз, ұлпа шапан, бешпенттердің жұмсақтығына қарағанда сақтар қылшық жүнді, биязы жүнді қойдың түр-түрін өсірсе керек. Қойларының сүйегінің ірі және қылшық жүнділігіне қарағанда, сақтар тегене құйрықты Алтай қойларының тұқымын өсіріп, біздің заманымызға жеткізсе керек. Сақтардың «аң стиліндегі» Пазырық мәдениетіне жататын жартас суреттері мен түрлі ою-әшекейлеріндегі бейне, суреттерге қарағанда, олардың бір кәсібі аң аулау болғанына көз жеткіземіз. Сақтар аңды садақпен аулаған. Өзен-су бойындағы сақтар балық аулағаны жайлы ежелгі дәуірдегі көптеген еңбектерде айтылады. Тоқыма тоқу, ағаштан, сүйектен түйін түйю, ер-тұрман, ыдыс-аяқ жасау, үй тұрғызу, темір ұсталығы – сақтардың отбасы қолөнерінің айшықты белгілері болған. Ыдыс-аяқ, сауыт-сайманның небір түрін жасаған. Олардың негізі ағаш, темір, мыстан жасалған. Ә. Марғұлан Орталық Қазақстанның бірер аймағында темір қорытылған орындар болғаны жайлы хабарлайды. Саяқ, Жезқазған, Қалба мен Нарындағы металлургия орталықтарынан алынған жоғары сапалы қола бұйымдары темірден еш кем түспейтін болған көрінеді. Темірден, қоладан қылыш, қанжар, түрлі жебелер жасап, аттонын жабдықтап, ер-тұрман, үзеңгі бау, ауыздық сияқты бұйымдар соққан. Сақтарда ұсталық өнер едәуір дамығанын көреміз. Олар алтын мен күмістен түрлі әшекейлік бұйымдар жасаған. Тек б.з.б. VI - V ғасырлардағы Жетісу сақтарының Есік обасынан алынған бұйымдарының ішінде 4000-нан аса жоғары шеберлікпен жасалған алтын әшекейлер табылған. Мұны өнердің қарадүрсін түрі деп қарауға болмайды, «олардан төрт бұрыш, тік бұрыш, сопақ (ромб), бүтін және жартылай шеңберлік комбинациялық күрделі бейнелерді» көре аламыз. Сақтар бір бұйымға металл, ағаш, тоқыма және теріні қиыстыра білген. Бесшатыр, Берел обаларында жүргізілген зерттеулердің қорытындысы сақтардың күнделікті тіршілігінде ағаш ұсталық өнері де кең дамығанын көрсетеді.

Сақтардың этномәдениеті. Көптеген ғалымдар Қазақстан территориясында өмір сүрген сақтардың этномәдениетін Андронов этногенезісіне жатқызады. Біріншіден, Андрон мәдениетінің ғылыми шекарасы – әзірге Шыңғыстау, Алтайдың таулы шебінен әрі аса алмағанын ескерсек, екіншіден, ежелгі сақтардың ізі Қара теңізден Қара айдаһар дариясына (Амур) дейінгі алып сахараны алып жатқанына мән берер болсақ, сақтарды тек арий

тобына жатқызу мүмкін еместігіне көз жеткізе аламыз. Қазірдің өзінде қазақ Алтайының скиф-сақ дәуірі мәдениетіне жүргізіле бастаған зерттеулер бұрын Арал, Сыр, Үстірт бойында жүргізіліп келген зерттеулерден өзгеше қорытынды бере бастады. Осының барлығы сақ мәселесіне бір жақты қарау мүмкін еместігін аңғартады және жаңаша таным, методологиялық жаңаша талдауды қажет етіп тұрған сияқты. Біз сақ зерттеуден түйгенімізді сараптай келіп, аталмыш жұртты орналасу географиясы және этномәдениеті жағынан: 1) Қара теңіз, Каспийдің сырты сақтарының этномәдениеті; 2) Каспий, Арал, Сыр бойы сақтарының этномәдениеті; 3) Жетісу, Тянь-Шань, Алтай, Хангай, Саян сақтарының этномәдениеті деп үш топқа бөліп қараған жөн деп танымыз. Аталғандардың біріншісі, сөз жоқ, арийлік (еуропалық) этномәдениет тобына, екіншісі европеоидтік және моңғолоидтық пішімі мен этномәдениетінің аралас тобына, үшіншісі ежелгі сақ-түріктік (алтайлық) этномәдениет тобына жатады. Сақ бөлімдерінің ахуал, тұрмысына байланысты үй-жайы да әрқилы болған. Көшпенді сақтар бір жерде тұрақтап тұрмаған, үй-жайын ат, түйе, өгіз жеккен екі, төрт, алты доңғалақты арбаға тиеп, үнемі көшіп-қонып отырған. Сақ көшінің географиялық ауқымы тым кең болған. Олардың батыс бөлімдері скифтер немесе дала тағылары атанса, Алтай, Хангай жоталарында көшіп-қонып жүрген арбалы сақтар «тэргэчүүл» – арбалылар немесе хассаг (арбалы сақтар) атанғаны белгілі. Көші-қон жағдайы, мал-жанының қамына байланысты сақтар табиғаттың құбылыстарына қатты мән берген. Әр мезгілдің төтенше құбылыстарын (амал) айыра білген. Хан ордасында көріпкелдер, жұлдызшылар болған. Геродот «массагеттердің күнге табынғаны» туралы жазады. Т. Райстың жазғанына қарағанда, сақтар отқа, Тәңірге табынған, Ұмай Ананы өздерінің жебеп қорғаушысы деп таныған, Тәңірдің, судың, өсімдік пен жан-жануардың өз Құдайлары бар деп сенген. Отырықшы сақтар жерді қастерлеп, оны «ана Тәңіріміз» деп пір тұтқан. Сақтар ата бейітін тастап кетпеген, оған айналып соғып, қорғаштап, жылқы, ірі қара малдан құрбан шалып, мінәжат етіп отырған. Сақтардың ата бейітіне деген төтенше ілтипатын сақ патшасы Иданфирстің парсы патшасы I Дарийге берген: «Сен мықты болсаң, біздің ата бейітімізді тауып, бұзып көр, жан алысып, жан берісудің не екенін сонда көресің», – деген жоғарыдағы жауабынан айқын аңғаруға болады. Сақтардың өлгенін жерлеу рәсімі аса әрқилы да күрделі болған. Сақтар өлгенін киімімен жерлеген. Марқұмның қару-жарағы, ыдыс-аяғы, тұтынған заттары, мінген аты ертұрманмен бірге жерленген. Бейіттің басына оба тас үйіліп, бейіттің үй орнындай аумағы таспен қоршалған. Қоршаудың іші, аруақ жатқандықтан, киелі

саналған. Туыс-туғандары өлікке қырық күн аза тұтқан, марқұмның аруағына арнап жыл сайын құрбан шалған. Сақтардың әрбір қорымы сол заманның этномәдениетінің тарихи музейі іспетті. Мұны археологиялық зерттеулер айқындап отыр. З.Самашев бастаған археологтардың соңғы жылдары Бұқтырма өзені бойындағы Берел қорымында жүргізген зерттеулерінің қорытындысы жоғарыда айтылғандарының бір айғағы бола алады. Жалпы «аң стилін» сақ этномәдениетінің қолтаңбасы деп таныған жөн. Стиль ежелгі өнердің қолтаңбалы және символдық көптеген түрлерін қамтиды. Сақтар металл, ағаш, сүйектен түрлі әшекейлік бұйымдар жасаған, әсіресе, алтын мен күмісті көп қолданған. Бұйымдарының көпшілігі нанымсенім сипатындағы тотемдік, символдық мағына береді. Сақтар ай мен күн және түрлі қаһарлы хайуанаттардың белгісін бойтұмар етіп тағып жүрген. Мұндай бойтұмарлардан аруаққа табыну сияқты тәңірлік элементтерді аңғаруға болады. Сақ көшпенділері жартастарға аңшылық, малшылық тұрмыс салтын белгілейтін түрлі хайуанаттардың бейнесін (гравюра) салған. Жартас суреттерінде қайқы мүйіз таутеке, бұғы, жылқы және мысық тұқымдас жыртқыштар, бүркіт тектес құстардың мүсіндері көптеп кездеседі. Тек көшпенділердің орналасу географиясына, заманының ауысуына байланысты полихромды өнердің әсерімен «аң стилі» өнердің өзгеше жаңа сатысына көтерілгенін. Ғалымдар аң стилі өнерінің пайда болуын тек алдыңғы Азия, Парсы мәдениетінің ықпал, әсерімен байланыстырады. Әрине, өнердің бұл саласының кейбір жаңа элементтермен баюына жоғарыдағылардың әсері болғанын жоққа шығаруға болмас. Бірақ аң стилін Алтайдың өз кіндігі, оның табиғатынан бөліп қарау мүмкін емес. Біздің ойымызша, бұл өнер – Алтайды мекендеген жұрттың өзіндік төл туындысы. Бұл өнер, әсіресе, жартас мүсіндерінің ізі Алтай, Тянь-Шань, Батыс Хангай тау жоталарының сілемінде жатыр. Жоғарыда атап өткеніміздей, күні бүгінге дейін сақтардың, тілі жайлы дәйекті шешім жоқ. Мұнда белгілі болып отырған қисын – біреу. Ол – Қара теңізден Үнді түбегіне дейінгі көз жеткізсіз даланы мекен еткен көшпенді қауымның бір тілде ғана сөйлеуі мүмкін еместігі. Бұл туралы бізге жеткен жалғыз дерек – Геродоттың «олардың (сақ) өзіне тән ерекше тілі болған» және «сақтардың әрбір бөлімдері бір-бірімен тілмаш арқылы сөйлескен» дегені. Сақтардың біз жоғарыда атаған үш тобының (Қара теңіз, Днепр, Днестр тобы, Каспий, Сыр және Жетісу-Алтай тобы) географиялық орналасуы, антропологиялық түрі, тұрмыс-салты, этномәдениетінің көптеген элементтері бір-біріне ұқсамайтындығы сияқты, әрқайсысының тілдік ерекшеліктері болғаны сөзсіз. Әр кезеңдердегі мемлекеттіктің айшықты белгісі, мәдениеттің бет-бедері оның жазуы болып

табылады. Сақтар – әскери конфедерациялық түріндегі мемлекет құрып, көршілес елдермен сауда және елшілік қатынастар орнатып, өздері де ірі жорықтар жасап, ел-жеріне шапқан талай жаудың бетін қайтарған жұрт. Осыған қарағанда, олар - өзіндік жазуы болуға лайықты ел. Бірақ сақтардың тарихи шежірелері өз жазуы, өз тілінде емес, үнді-иран, парсы және грек жазбалары арқылы жеткендіктен, сақтар «үнді-иран тілді халық болған», сақтарда өзіндік жазу мәдениеті болмаған деген тұжырым басымдылық танытып келді. Бұл бағытты ұстанғандар үндіиран, парсы, грек тілінде хатқа түскен шежірелер сақтардың өз тарихы емес, олар жайлы басқалардың жазып қалдырған деректері екенін ескере бермейді. Сақтардың тарихы төңірегінде жазылған азды-көпті материалдардың ішінде ақиқаттан гөрі аңызға жақын тұстары көп. Олар жайлы нағыз ғылыми мағлұматтар әр кезеңдерде жүргізілген және әлі де жалғасып отырған археологиялық, антропологиялық зерттеулердің негізінде жинақтала бастаған еді. Бірақ Есік обасынан табылған құнды дүниелерге дейінгі уақытта сақтардың жазуы туралы сөз қозғау мүмкін болмады. Тек 1970 жылы Есік қорғанында жүргізілген қазба жұмысы кезінде табылған ыдыстардың бірі - күміс зереннің қапталындағы 26 белгіден тұратын екі жол жазу жалпы сақ зерттеу, әсіресе, сақтардың жазу мәдениеті мәселесіндегі жаңалық болды. Бұған Жетісу өңіріндегі Қаратома қорымы обаларынан табылған тас ыдыстың түбіндегі эпиграфиялық белгілер, Ақтас қорымынан табылған тасқа қашап салынған отызға жуық белгілерді қоса қараған жөн. Ғалымдар аталмыш белгілерді беймәлім алфавитпен жазылғап жазба деген қорытындыға келген. Бірақ алфавиттің сыры әлі күнге ашылған жоқ. Егер де Есік қорғанынан табылған құмырадағы жазу «ежелгі түрік жазуларының бірі, бұл жазуды қазақ даласын ежелден мекендеген түріктер немесе протоқазақтар қолданған» делінетін К.А. Ақышев, Ә. Марғұлан, А. Аманжоловтар ұсынған пікір расталса, сақтардың шығыс бөлімдері ежелден түрік тектес қауым болған, олар қазіргі ортаазиялық түркі халықтары, оның ішінде біздің қазақтардың ата-бабалары деген тұжырым анықтала түсетін болады.

4. Оқытудың техникалық құралдары: интерактивті тақта, слайдтар, презентациялар.

5. Лекцияның оқыту әдістері мен түрлері: ақпаратты лекция, проблемалық оқыту технологиясы.

6. Әртүрлі күрделілік деңгейдегі тапсырмалар (1-деңгей, 2-деңгей, 3-деңгей сұрақтарымен беріледі) және оларды бағалаудағы ұпайдардың үлестірілуі:
1-деңгейдің сұрақтары:

1. Сақ тиграхаудалардың басты этнографиялық ерекшеліктері қандай болды?
2. Тиграхауда сақтары қай жерді мекендеді?

2-деңгейдің сұрақтары:

1. Парсы патшасы Кир мен сақтар арасында кімге қарсы әскери одақ құрылды?
2. Дарий I сақтарға қай жылы жорыққа аттанды ?

3-деңгейдің сұрақтары:

1. Шырақтың ерлігі туралы қай грек тарихшысы әңгімелейді?
 2. Савроматтар қай өңірді мекендеді?
 3. Сақ дәуіріндегі күймелер туралы мәлімет кімнің шығармаларында сақталған?
- 7. СӨЖ және ОСӨЖ тапсырмалары, олардың түрлері мен орындалуына қойылатын**

ұпайдардың үлестері: Сақ қоғамы әлеуметтік жағынан сипаттама беру.

8. Пайдаланылатын әдебиеттер:

Негізгі әдебиеттер:

1. История Казахстана. С древнейших времен до наших дней. Т.1 – Алматы, 1996. – 531 с.
2. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан: летопись трех тысячелетий. – Алма-Ата, 1992. – 374 с.
3. Кузенбайулы А. История Казахстана. – С.-П., 2004. – 420 с.
4. Акишев К.А. Культура саков и усуней долины Или. – А-А., 1981.
5. Кадырбаев М.К. Памятники тасмолинской культуры. – А.А., 1986.
6. Акишев К.А. Курган «Иссык». Искусство саков Казахстана. – М., 1978.
7. Смирнов К.Ф. Савроматы. Ранняя история и культура савромат. – М., 1964.
8. Калыш А.Б. Историческое краеведение Казахстана. 2017.
9. Қартабаева, Е.Т., Мырзабекова, Р.С. Ежелгі дүние тарихы 2014. РМЭБ.

Қосымша әдебиеттер:

1. Нысанбаев Н.Ә., Нұрмұратов С.Е., ТҒыбитов Х. Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін) : Монография. 1-том :Қазақ философиясының қалыптасуы: ежелгі түркілік дәуір 2014. РМЭБ
2. Нұржанов А. Ұлы жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. Алматы: Рауан, 2018.
3. Алан Барнард. Антропология тарихы мен теориясы [оқулық] / А. Барнард; ауд. Ж. Жұмашова, 2018. - 240 б.

WEB-сайттар тізімі:

1. <http://e-history.kz/kz>
2. https://vk.com/history_qaz